

**БЕКІТЕМІН**

«Ақмола облысы  
Көкшетау қаласы бойынша  
Білім бөлімі» ММ басшысы

А.Б.Нугертаева  
2024ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

**«Бояулар құпиясы» жас суретшілер республикалық байқауының қалалық кезеңін өткізу ережесі**

**1. Жалпы ережелер**

«Бояулар құпиясы» республикалық жас суретшілер байқауының қалалық кезеңін өткізу ережелері (бұдан әрі- Көрме-байқау) оның мақсатын, міндеттерін, ұйымдастыру форматын және өткізу тәртібін анықтайды.

**Байқаудың мақсаты:** көркемдік қызметке жоғары мотивация үшін жағдай жасау, бейнелеу өнері саласындағы жас дарындыларға қолдау көрсету, балалар мен жасөспірімдерді олардың даралығын ашуға ынталандыру, балаларды қосымша білім берумен қамту.

**Байқаудың міндеттері:**

- 1) жас суретшілердің эстетикалық, адамгершілік және патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, әлемдік және отандық көркем мәдениет дәстүрлеріне жеке қызығушылықтарын арттыру;
- 2) білім алушының жеке тұлғасын тәрбелеуде, білім беруде және шығармашылық дамуында көркемөнер мектептерінің ролін жоғарылатуға, қосымша көркемөнер білімдерін дамыту;
- 3) қатысушылардың ойлау қабілеттерін кеңейту, олардың көркемдік қабілеттерін, тәжірбиелерін, даралықтарын көрсету;

Байқаудың ұйымдастырушысы: «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі» ММ

**2. Байқауды өткізудің мерзімі мен орны**

Байқаудың 2024 жылдың 15 тамызы өткізілетін болады.

Байқауға қатысуға өтінімдер (1 қосымша) және оқушылардың шығармашылық жұмыстары оқу мекемесі басшысының қолымен 2024 жылдың 13 тамызына дейін Абай көшесі, 126 үйі мекенжайы бойынша қабылданады. Анықтама үшін телефон: 8 (7162) 257244, 87012032327 (Яковлева Оксана Вениаминовна).

### 3. Байқауға қатысушылар

Байқауға жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының 10-17 жас аралығындағы оқушылары келесі жас санаттары бойынша қатысады.

1) 10-13 жас;

2) 14-17 жас.

Әрбір мектептен қатысушылардың саны - 6 бала (әрбір жас санаты бойынша 3-ден).

### 4. Байқауды өткізудің тәртібі мен шарттары

Байқауға әрбір қатысушыдан 1 жұмыстан қабылданады (1 қатысушы-1 жұмыс).

Байқаудағы номинациялардың жұмыстары кез келген техникада орындалады (акварель, майлы, пастель, қарындаш, гельді қалам, түрлі-түсті қарындаштар, аралас техника) кез келген материалда (қатты қағазда, қағазда, кенепте, т.б). **Суреттің тақырыбы Байқаудың шарттарымен шектелмейді.**

Жұмыстың шекті өлшемі: 30x40 см, бірақ 55x65см кем емес (рәсімдеуін санамағанда). Барлық жұмыстар жазылған болуы қажет (Т.А.) және этикеткасы болуы керек 12x4,5 см көлемінде.

Жұмыстың оң жақ төменгі бұрышында автордың оқылатын қолы орналастырылады: аты, тегі, жасы, мектебі.

#### **Бағалау критеріі:**

- көркемдік көзқараспен қарағандағы жұмыстың сапасы мен кәсібилігі;
- авторлық қатынастағы түпнұсқалық пен тақырыпты ашу тереңдігі;
- образдылық, эмоциональдық, айқындық;
- түстік шешімдер.

### 5. Қорытынды шығару және Байқаудың марапаттауы

Көрме-байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасының мүшелері жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар мен қатысушылар «Көкшетау қаласының білім бөлімі» ММ дипломдарымен және сертификаттарымен марапатталады.

Байқаудың нәтижелері жөніндегі ақпарат Көкшетау қ. білім бөлімінің сайтында орналастырылатын болады.

Қалалық байқаудың жеңімпаздары облыстық «Бояулар құпиясы» байқауының облыстық кезеңінде қатысатын болады.

**«Бояулар күпиясы» жас суретшілер республикалық байқауының  
қалалық кезеңінде қатысуға өтінім**

№ р/н	Қатысушының Т.А.	Білім беру ұйымының атауы, сыныбы немесе мектептен тыс ұйымның атауы	Тұратын мекенжайы, (индекс, облысы, қала, село, Үйінің, пәтерінің №, ата-анасының телефоны)	Туған мерзімі	Ұстаздың Т.А.Ж., телефоны
<b>10-13 жас санаты (әр мектептен үш адамнан)</b>					
1					
2					
3					
<b>14-17 жас санаты (әр мектептен үш адамнан)</b>					
1					
2					
3					

Білім беру ұйымының басшысы \_\_\_\_\_ Т.А.Ж.  
(қолы)

Өтінім міндетті түрде білім беру ұйымы басшысының қолымен және мөрімен бекітіледі, скрин өтінім мен [artschool\\_kokshe@mail.ru](mailto:artschool_kokshe@mail.ru) электрондық мекенжайына Word жіберіледі.

Жұмыстың өтінімімен бірге қатысушылар картинаны құрастырудағы әрекетті көрсететін 3 (үштен) кем емес фотография ұсынады.